




16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## Экологиялық этика





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

## Экологиялық этика

Бүгінгі біздің дәрісіміз қазіргі таңда адамзат алдында тұрған ең ірі жаһандық проблемалардың бірі – қоршаған орта этикасына арналады. Бұл тақырып сіздерге ұсынылып отырған Барбара МакКиннон мен Эндрю Фиаланың «Этика» атты оқулығының 16-шы тарауын қамтиды.

Бұл тарауды оқысаңыздар, сіздер қазіргі экологиялық проблемаларға, соның ішінде табиғаттың ластануы, климаттың өзгеруі және жабайы табиғатты аман алып қалу сияқты сұрақтарға этикалық тұрғыда қарауды үйренесіздер; экологиялық этика туралы антропоцентрилік, эоцентрилік немесе биоцентрилік идеялар арасындағы айырмашылықты ажырататын боласыздар; қоршаған ортаға байланысты ішкі және құралдық құндылық арасындағы өзгешелікті түсінесіздер; экологиялық сұрақтарды қарастырғанда шығындар мен пайданы талдау қалай қолданылатынын ұғынасыздар; экологиялық әділдік мәселесін мойындауды үйренесіздер және экофеминизм мен терең экология арасындағы айырмашылықты білетін боласыздар. Сайып келгенде, бұл тараумен танысу сіздерге экологиялық мәселелер мен адами емес табиғаттың құндылықтары бойынша сұрақтарды талқылауға мүмкіндік береді.

## Экологиялық проблемалар

2013 жылдың 31 мамырында АҚШ-тағы Оклахома-Ситиден тыс Эль-Рено деген жерді жер жүзінде бұрын-соңды тіркелген торнадолардың ең ауқымдысы жайпап өтті. Оның кеңдігі 4 км-ден асып түсті. Торнадодағы желдің жылдамдығы сағатына 475 км-ге жуықтап, дауылдың қуаты Фудзита шкаласы бойынша ең жоғары көрсеткішке жетті.



*«Катрина» дауылды құйыны – АҚШ тарихындағы ең алапат дауыл. 2005 жылдың тамызында болды. Табиғи апаттың нәтижесінде 1836 тұрғын қаза тапты, экономикалық зарар \$125 млрд құрады.*

Осы табиғи апаттың нәтижесінде 18 адам қайтыс болды. Бұл дауылдан бір-ақ апта бұрын Оклахоманы тағы бір алапат дауыл жайпап өткен болатын. Ол кезде бүтіндей бір аудандар зардап шегіп, 24 адам қаза болды. Оклахома Құрама Штаттарының «торнадо аллеясы» деп аталатын аймағында орналасқан, онда дауылдар жиі болып тұрады. Алайда азғана уақыт ішінде екі бірдей алапат дауылдың өтуі – түсініксіз төтенше жағдай. Осындай қуатты торнадолардан бөлек, Құрама Штаттары соңғы жылдары ерекше жойқын құйындардан да азап шекті. 2005 жылы «Катрина» дауылды құйыны 1800-ден астам адамның өмірін жалмап, Мексика шығанағына айтарлықтай үлкен зарарын тигізді.

Бұл дауылды құйын АҚШ тарихындағы ең қымбатқа түскен табиғи дауыл болды, ол инфрақұрылымды қиратып, жұмыс орындары мен экономикаға үлкен зиянын тигізді. 2012 жылы Американың шығыс жағалауына «Сэнди» деп аталып кеткен дауылды құйын тап беріп, 285 адамның өмірін қиды, әрі миллиондаған доллармен есептелетін шығын келтірді; бұл – осы ел тарихындағы екінші ең қымбат дауыл саналады. Өлім-жітімге алып келетін алапат дауылдар әрдайым болған. Кейбір сарапшылардың пікірінше, мұндай дауылдар ескертуші дабыл секілді, олар климаттың өзгеріп жатқанының белгісі. Ал басқа мамандардың ойынша, климаттың өзгеруіне осы торнадолар мен дауыл-құйындардың тигізер әсері зор. Қалай болғанда да, біз осындай табиғи апаттар адам өмірін бір-ақ сәтте қиып кетуге қауқарлы екенін мойындауымыз қажет. Оған қоса, бұл жағдайлар табиғаттың құндылығы мен біздің оның аясындағы орнымызды көрсетеді. Табиғи әлем құрметтеп, қастерлеуге тұрарлық дүние ме? Әлде Табиғат-Анадан қорқып, оны өз қалауымызға қарай икемдеп алуға тырысуымыз қажет пе? Жалпы, адамдар қоршаған ортаға қалай қарауы тиіс?

Халық саны артқан сайын осындай сұрақтардың түйінін шешіп алған жөн. Соңғы деректерге сай, жер бетіндегі халық саны 7,5 миллиард адамға жетіп қалды. Осы ғасырдың 2050 жылына қарай әлемдегі халық саны 9,7 миллиард адамға дейін өсіп, ғасырдың соңына қарай 11,2 миллиардқа дейін жетіп, жығылады деп болжайды мамандар.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

*Халық санының тым артуы – демографиялық дағдарыстың бір түрі, халық санының тіршілік етуге қажетті нәрселерге қатысты тым артып кетуі (өмірдің гигиеналық нормаларын ұстап тұруға қажетті ресурстардың жетіспеуі).*



Оған қоса өмір деңгейі артып келеді, қуат көздеріне деген сұраныс барған сайын өсіп, осыған байланысты экологиялық салдарлар да ұшығып барады. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының 2012 жылы жасаған баяндамасында біздің даму ырғақтарымыз осы деңгейде сақтала беретін болса, айтарлықтай күрделі, қайта қалпына келтіруге келмей қалатын және «өмір сүру деңгейін арттыруды екі ғасырға кейін тастайтын» экологиялық салдарлар орын алуы мүмкін делінген. Баяндамада келтірілген сұрақтардың қатарында климаттың өзгеруін, биоалуандылықты жоғалту, қоршаған ортаның ластануы, су ресурстарының таусылуы мен қалалардағы ауаны аса қатты ластануы сияқты мәселелер аталды.

Ауаның ластануына байланысты мәселе дамушы елдерде, әсіресе, өткір болып тұр. Ауа сапасының нашарлай түсуі 2010 жылы Қытайда 1,2 миллион адамның мезгілсіз қаза болуына себеп болды. Пекин және басқа ірі қалаларда ауаның лас болуы сонша, зәулім ғимараттардың жоғарғы тұстарын көру мүмкін емес болып қалды. Тіпті Құрама Штаттарының өзінде де ауаның ластануы айтарлықтай проблема болып отыр. Калифорнияның орталық аймақтарындағы ауа сапасының деңгейі елдегі ең нашар көрсеткіштерге ие. Бұл демікпе және басқа да респираторлы ауруларға шалдыққан адамдардың, соның ішінде балалардың көбеюіне ұласып жатыр. Осы жерде жүргізілген зерттеулер ауаның ластануы деңгейі демікпе, жүрек ұстамасы және пневмония мен бронхит сияқты аурудың кесірінен жедел жәрдем қызметтеріне жүгіну көрсеткіштерімен тікелей байланысты екенін дәлелдеді.

Осындай мысалдардан біз қоршаған ортаның бізге қатты ықпал ететінін байқаймыз. Кейбір адамдар бұл мәселенің этикаға не қатысы бар деп таңдануы мүмкін, себебі біз «қоршаған орта немесе экология» сияқты абстрактілі нәрсенің алдында бір этикалық міндеттемелеріміз бар ма деп сұрауымыз мүмкін. Ал басқа біреулер біздің қоршаған табиғаттың алдында, соның ішінде жан-жануарлардың алдында орасан зор міндетіміз бар деп сендіреді. (Жануарларға қатысты этика мәселелері 17-шы тарауда талқыланады). Осыған қарамастан, көпшілік қауым біздің осы экологиялық проблемалар адамдарға, соның ішінде осындай ластану мен табиғи апаттардан ең көп қиналатын әлеуметтік тұрғыда әлсіз топтарға қатысты жағымсыз салдарларға мән беріп, оларды көзден таса етпеуіміз керек деген пікірмен келіседі. Сонымен бірге, біз келешек ұрпақтың алдында да борыштармыз: біз балаларымыз бен немерелерімізге өмір сүруге қолайлы әлемді мирас етуіміз тиіс.

## **Қоршаған ортаға байланысты моральдық міндеттер**

Қоршаған ортаға байланысты моральдық міндеттерімізге байланысты сұраққа жауап беру үшін біз алдымен терминдер мәселесін шешіп алуымыз тиіс.

Қоршаған орта терминін біз тек өмір сүріп отырған аймағымызға қатысты ғана емес, осы аймақта болып жатқан нәрселерге, яғни осы аймақты мекен ететін тіршілік иелеріне әсері бар климат және тағы басқа факторларды атау үшін қолданатын болдық. Біз қоршаған ортамызға түрлі физикалық және химиялық өзара әрекеттесуші материалдардың жүйелі бір жиынтығы ретінде қарауымызға болады. Не болмаса, біз бұл мәселеге органикалық жүйе ретінде қарап, өмірдің жеке формалары иелерінің өзара байланысты болуының сан түрлі амалдары ретінде мән берсек болады. Бұлай болса, біз жеке дара тіршілік иесіне өздігінен оқшауланған дербес атом ретінде қарай алмаймыз, себебі оның қоршаған ортасы оның өзінің бір фундаменталды бөлігі болып шыға келеді. Бұл көзқарас тұрғысынан қоршаған орта дегеніміз тысқары бірдеңе емес, біздің ішкі болмысымыздың да көрсеткіші.

Адамдар үшін қоршаған ортаны бағалау дегеніміз не? Әрине, адамдардың басым бөлігі айналасындағы табиғаттың қаншалықты маңызды екенін жақсы ұғынады. Пайда әкелетін нәрсе – жақсы, зиян әкелетін нәрсе – жаман, бәрі оңай сияқты емес пе? Алайда, табиғатқа қатысты көп жағдайда, бұл нәрселер қарама-қарсы да болып жатады, немесе араласып кетеді. Өсіп-өну – жақсы, ал улану – жаман. Алайда осы жағымды және жағымсыз сипат қайдан шығады? Удың өзінде о бастан «жамандық» бар ма? Өсіп-өні идеясы ше, ол «жақсылықты» қамти ма? Шын мәнінде, бұл аса күрделі метафизикалық және моральдық



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

проблема. Бір зат шаш пен салмақ сияқты мағынадағы ғана құндылыққа ие ме? Алайда бір нәрсенің құндылығы оған тән сипаттардың бірі ғана емес сияқты. Егер біз бірдеңені құнды санасак, демек, біздің осыған қатысты жағымды реакциямыз бар. Осыны түсіндіру амалдарының бірі – заттардың құндылығы біздің қалауларымыз бен артықшылықтарымызға тәуелді деп ойлау.

Алайда біз осы нәрселерді артық көруіміз немесе қалауымыз тиіс пе деген сұрақтың жауабын білгіміз келеді. Біз құнды санайтын нәрселерде олардың ие болатын, - мысалы, біздің оларға беретін заңды бағамызды қамтамасыз ететін кейбір белгілері немесе атрибуттары бар ма? Бұл сұраққа жауап бере отырып, біз осыған дейінгі дәрістерде айтқан құндылықтардың объективтілігі және табиғат фактілері мен құндылықты пайымдаулар арасындағы байланысты естен шығармауымыз тиіс. Қоршаған ортаға қатысты «тиіс, міндетті» деген ұғымды қолдану дұрыс па? Біз құнды санауға тиіс қоршаған орта объектілерінің табиғи бір құрылымы бар ма? Әлде біздің экологиялық құндылықтарымыз деген, бар болғаны, талғамдарымыз бен қалауларымыз ғана ма?

### **Қоршаған орта этикасындағы құндылық мәселесі: ішкі және инструментал құндылық**

Құндылықтарға қатысты бір айырмашылық экологиялық этикада ерекше маңызды рөл ойнайды: бұл ішкі және инструментал құндылық арасындағы айырмашылық. Заттар жалпы бағалы немесе өздігінен бір құндылыққа ие болғанда, кейде ішкі қасиеттілік деп аталатын бір құндылыққа ие болады. Біз осындай бір ішкі қасиеті бар нәрселерді олардың бізге әкелетін пайдасы немесе олардың көмегімен жасауға болатын нәрселері үшін емес, олардың өздері үшін құнды санаймыз. Кей нәрселер құралдық, инструменталдық құндылыққа ие, себебі біз оларды басқа бір мақсатқа жету немесе бірдеңені орындау жолында пайдалану үшін құнды санаймыз. Мысалы, кейбір экологтардың пікірінше, ағаштар ішкі құндылыққа емес, тек инструментал құндылыққа ғана ие. Олардың ойынша, біз ағаштарды тек бізге тигізетін пайдасы үшін ғана құнды санаймыз. Ал басқа экологтар өсімдіктер мен экожүйелер өздігінен құнды деп санайды.

### **Экологиялық этикадағы «prima facie» құндылығы**

Экологиялық этика туралы талқылауларда қолданылатын тағы бір термин – «prima facie құндылығы» (осыған дейінгі дәрістерде біз ол туралы айтқан болатынбыз). Уильям Дэвид Росстың айтуынша, «prima facie» «бір қарағанда», «алғашқы көзқараста» дегенді білдіреді.



*Сэр Уильям Дэвид Росс – этика мәселелерімен айналысқан шотланд философы (1877-1971 жж.)*

Кей нәрселердің осындай «бір қарағанда көзге түсетін» құндылығы бар, алайда оны басқа мүдделер немесе құндылықтардың көмегімен ығыстыруға болады. Мысалы, біз тропикалық ормандар қандай да бір қарапайым құндылыққа ие деп ойлауымыз мүмкін, бірақ, егер жергілікті халыққа азық-түлік өндіру үшін көбірек жер керек болса, адамдардың егін егу үшін ағаштарды шауып, жер босатуы ақтауға тұрарлық іс болып көрінеді.

Қоршаған ортаға қатысты этикалық сұрақтарды бағалауда түрлі құндылықтар арасындағы осындай айырмашылықтар мен, жалпы, құндылықтың табиғаты туралы осындай ой-пікірлер маңызды рөлге ие. Бұл экологиялық этикаға қатысты мүлде екі бөлек көзқараспен расталады. Біріншісі – антропоцентризм, ал екіншісі – эоцентризм немесе биоцентризм. Біршама ұстамды немесе орталық бір көзқарас осы идеялардың әрқайсысынан да ортақ бірдеңелерді қамтуы мүмкін, яғни оны аралас көзқарас деп атауға болады.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика


Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

## Қоршаған орта этикасындағы антропоцентризм

Антропоцентризм және антропоцентрилік ұғымдары антропоцентрилік перспективаға қатысты. Егер бір көзқарас тек адамдар ғана ішкі құндылыққа немесе бағаға ие дейтін болса, ол антропоцентрилік ұстанымды білдіреді. Бұл көзқарасқа сенсек, кез-келген зат адам мүддесіне қаншалықты қолайлы екендігіне қарай құнды саналады. Осылайша, мысалы, кей адамдар жануарларды адам мүддесіне қажетті немесе ыңғайлы екендігіне байланысты ғана құндылыққа ие деп ойлайды. Бұл жайында жан-жануарлар этикасына арналған 17-ші тараудан оқысыздар. Мұнда, мысалы, жануарлардың бізге беретін қоректік, медициналық, қорғаушылық, эмоциялық және эстетикалық пайдасы туралы айтылады.

Антропоцентризм - [грекше anthropos - адам, centrum - орталық] - дүниенің орталығына адамды қоятын италяндық Қайта Өрлеу заманының тұжырымдамасы. Ол Еуропалық Жаңа заман мен Ағартушылық идеологиясына әрі өмірлік өлшеміне және гуманизмнің маңызды шартына айналды. Ежелгі дәуірде негізі қаланғанымен, бұл ұстаным тек табиғат аясынан шыға алмады. Жаңа заманда адам еріктері мен мінез-құлықтары туралы тұжырым қалыптасты, оның қағидалары нарыққа, демократияға, азаттық қоғамға бет бұрған әлеуметтік мәдениетті басшылыққа алды. Неміс философы Макс Штирнер өз ілімінде Антропоцентризмнің мейлінше эгоистік, жеке-дара түрін көрсетті. Антропоцентристік ұстаным адамзатты дәріптеп, оған бас июге де болады деген ұранды жалау етеді. Антропоцентризм принципі - адам дегеніміз барлық нәрсенің өлшемі деген пікір. Бұл тезисті Софист Протагор тұжырымдаған болатын.

*Протагор (б.з.д. 485-410жж.) – ежелгі грек философы, софистердің арасындағы ең көрнекі өкіл. Протагорға: «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» деген тұжырым тиесілі.*



Тоталитарлық тәртіптер мен кейбір дамыған елдер жағдайында антропоцентризм тәжірибелік сипат алады, табиғат талан-таражға түсіп, экологиялық дағдарыс етек алады.

Антропоцентрилік көзқарастарды ұстанатын адамдар жануарларды еш пайдасыз азаптау жаман деп ойлауы мүмкін, алайда, олар, егер де осы азаптау азамдар үшін қажет болса, онда оны ақтауға болады дейді. Біз өзімізге пайдалы өнімдерді табиғи әлемнен аламыз. Мысалы, таксол дегеніміз – тынық мұхит тисі деп аталатын улы өсімдіктен алынатын және аналық без бен сүт безінің обырын емдеуде пайдалы емдік препарат. Осы сияқты түрлі өсімдіктерден немесе жануарлардан алынатын түрлі емдік заттар сан алуан. Яғни, табиғат бізге қоректі, баспананы, киімді, дәрі-дәрмекті – өмірге керекті нәрсенің бәрін беріп отыр. Алайда, антропоцентрилік көзқарасқа сай, қоршаған орта мен табиғат, егер адам болмаса, өздігінен ешқандай да құндылыққа ие емес. Оны құнды ететін тек адам ғана. Әрі табиғаттың құндылығы тек адамға әкелетін пайдасымен ғана өлшенеді. Тіпті жабайы табиғат сақталған аймақтардың өзі мұндай пікірді ұстанатындар үшін, бар болғаны, инструментал құндылыққа ие, яғни, олар адамның демалуына, серігуіне қажетті деп саналып, құрылысқа қажетті тас пен ағаш пен жанар-жағармайдың көзі сияқты біздің физикалық мұқтаждықтарымызды қанағаттандыру мақсатында қолданылады. Сол сияқты, көк желек, ағаштар мен өсімдіктер біздің ауамыз бен суымызды тазартатын құрал ретінде құнды саналады. Алайда, кей кездері антропоцентристік көзқарастардың арасында ішкі қайшылықтар туындап жатады. Мысалы, біз сан ғасырдан бері сақталып келе жатқан ормандарды олардың әсемдігі немесе тарихи құндылығы тұрғысынан сақтап қаламыз ба, әлде оларды құрылыс материалдарына жаратып жібереміз бе деген сұраққа келгенде таласып қалатын кездеріміз болады. Әрі әр жақтың мұнда өз уәждері мен дәлелдері келтіріледі.

Сол себепті эстетикалық рахаттану тәжірибесі мен тарихи құндылықтың арзан үй және ормандарды шабудың экожүйеге, жер эрозиясына, климаттың өзгеруіне, орман өрттерінің пайда болуына қатысты салыстырмалы құндылығы турасында ойлануымыз қажет. 2000-жылдық тарихы секвойя ағаштары туралы ойланып көрейік. Бұл ағаштар осы дәуірдің басынан бері біздің тарихымыздың үнсіз куәлары болып отыр. Әлбетте, бұл бізді таңқалдырады, әрі тарихтың бір сынығы сияқты әсер береді. Біз осы алып ағаштың бізді сонау бір мыңжылдықтармен байланыстыратынын ойласақ, іште бір тебіреніс пайда болатын сияқты. Біз осы ағаштың «өмірі» адамзат баласының тарихының түрлі кезеңдерімен байланысты болғанын елестете



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

аламыз. Ал енді, осындай тарихи құндылықты құрылысқа қажетті ағаштың пайдалылығымен қалай салыстыруға болады? Антропоцентризм кейде осындай сияқты салыстыру амалдарын жүзеге асыруға мәжбүр, алайда бәрібір мұндағы секвойя ағашының құндылығы – оған деген адамның көзқарасымен байланысты.

Антропоцентрилік көзқарас тұрғысынан туындайтын тағы бір проблема – экологиялық шығындарды есептеуге байланысты. Бұл әлеуметтік және экономикалық әділдік сұрақтарына ұқсас мәселе. Мұндағы басты және ең күрделі сұрақтардың бірі: біздің іс-әрекеттеріміз келешек ұрпаққа қалай әсер етеді. Біз қоршаған ортаны оларға таза күйінше табыстауымыз қажет пе? Болашақ ұрпақ үшін әділеттілік дегеніміз не екенін түсіну қажет. Алайда, қазіргі өмір сүріп отырған адамдар арасында пайда мен зиянды үлестіру проблемасы одан да өткір болып тұр.

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ernest Weekley, *An Etymological Dictionary of Modern English* (New York: Dover, 1967).
2. Barbara MacKinnon, "Pricing Human Life," *Science, Technology and Human Values* (Spring 1986).
3. Kristin Shrader-Frechette, *Environmental Justice: Creating Equity, Reclaiming Democracy* (Oxford: Oxford University Press, 2002).
4. Kevin DeLuca, "A Wilderness Environmentalism Manifesto: Contesting the Infinite Self-Absorption of Humans," in *Environmental Justice and Environmentalism: The Social Justice Challenge to the Environmental Movement*, eds. Ronald D. Sandler and Phaedra C. Pezzullo (Cambridge, MA: MIT Press, 2007).
5. Christopher Stone, *Do Trees Have Standing? Toward Legal Rights for Natural Objects* (Los Altos, CA: William Kaufmann, 1974).
6. Holmes Rolston III, *Environmental Ethics: Duties to and Values in the Natural World* (Philadelphia, PA: Temple University Press, 1988).
7. Aldo Leopold, "The Land Ethic," in *Sand County Almanac* (New York: Oxford University Press, 1949).
8. John Hospers, *Understanding the Arts* (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1982).
9. Ed McGaa (Eagle Man), "We Are All Related," in *Mother Earth Spirituality: Native American Paths to Healing Ourselves and Our World* (San Francisco, CA: Harper & Row, 1990).
10. Stephen R. Fox, *The American Conservation Movement: John Muir and His Legacy* (Madison, WI: University of Wisconsin Press, 1981).
11. Arne Naess, *Ecology, Community, and Lifestyle*, trans. David Rothenberg (Cambridge: Cambridge University Press, 1989).
12. Paul Taylor, *Respect for Nature* (Princeton, NJ: Princeton University Press, 1986).
13. Bill Devall, *Simple in Means, Rich in Ends: Practicing Deep Ecology* (Layton, UT: Gibbs Smith, 1988).
14. Michael Martin, "Ecosabotage and Civil Disobedience," *Environmental Ethics* 12 (Winter 1990).
15. Karen J. Warren, "The Power and Promise of Ecological Feminism," *Environmental Ethics* 9 (Spring 1987).
16. Carol Christ, *Laughter of Aphrodite: Reflections on a Journey to the Goddess* (San Francisco, CA: Harper & Row, 1987).

### Глоссарий

Антропоцентризм – қоршаған орта этикасына (сондай-ақ жануарлардың амандығына) қатысты адамның мүдделерін ғана басты мәселе деп қабылдайтын ұстаным (биоцентризм мен эоцентризмге қарама-қарсы).

Биоцентризм – биотикалық жүйелер мен барлық тіршіліктің құндылығына баса мән беретін қоршаған орта (экологиялық) этикасын білдіретін ұстаным (антропоцентризмге қарама-қарсы); сондай-ақ, қараңыз: эоцентризм.

Биотикалық пирамида – өсімдіктерді, шөпқоректі және жыртқыш жануарларды, адамдарды байланыстыратын өзара біріктіруші қоректік тізбектер (Леопольдтің жер этикасымен байланысты).

Терең экология – қоршаған орта этикасындағы әсіре эоцентрилік идея; адамның табиғатқа тиесілігін және табиғи нәрселердің өзіндік құндылығын ерекше атап көрсетеді (Деваль мен Сешнстың есімдерімен байланысты).

Эоцентризм – қоршаған орта этикасындағы ұстаным, оның мәні – экожүйенің тек адамға қатысты ғана емес, жалпы өзіндік құндылығын ескеру (антропоцентризмге қарама-қарсы), сондай-ақ қараңыз: биоцентризм.

Экофеминизм – қоршаған орта этикасының сыни нұсқасы; патриархалдық жүйелер табиғатты және



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық этика

Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

әйелдердің табиғатпен айтарлықтай нәтижелі байланысын теріс пайдаланып келген деп есептейді.

Экожүйе – қоршаған орта этикасында оны өсімдіктерді, жануарларды және адамдарды қоса алғанда кеңінен біріктірілген, үйлестірілген және ұйымдасқан тұтастық ретінде қарастыратын тұжырымдама.

Қоршаған орта этикасы – экожүйелердің, табиғи қоршаған ортаның құндылығы, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты пайда мен зиянды үлестіру туралы мәселелерді этикалық зерттеу саласы.

Экологиялық әділдік – қоршаған ортаға ластау сияқты әсер етуге байланысты адамдар арасында пайда мен зиянды әділ үлестіруге бағытталған экологиялық этика мәселесі (үлестіру әділдігі мен әлеуметтік әділдікке қатысты).